

## **Положение о стипендии MNU Research Fellow**

### **1. Общие положения**

1.1. Стипендия MNU Research Fellow (далее – стипендия) предназначена для финансовой поддержки и развития талантливых исследователей, **включая студентов последних курсов**, магистрантов, докторантов, молодых преподавателей и профессоров.

1.2. Цель стипендии – привлечение, поддержка и развитие талантливых и перспективных научных кадров в университете, а также создание условий для их долгосрочного вклада в научное сообщество.

1.3. Стипендия направлена на стимулирование академического и профессионального роста стипендиатов, поддержку их научного статуса и карьерного развития, и не исключает, а также не запрещает получение других видов оплаты труда.

1.4. Стипендия назначается индивидуально каждому кандидату, успешно прошедшему конкурс, по решению Председателя правления MNU.

1.5. Размер стипендии определяется в зависимости от достижений и потребностей стипендиата, но не может быть ниже установленного минимума (размера государственной стипендии докторанта PhD), который обеспечивает финансовую поддержку для частичного покрытия академических и жизненных расходов стипендиатов.

### **2. Статус и признание**

2.1. Стипендиат MNU Research Fellow признается университетом как перспективный научный исследователь, к которому проявляется особое внимание и доверие.

2.2. Стипендия предоставляется как инвестиция в развитие научного потенциала стипендиата, подтверждающая его статус в академическом сообществе и отражающая стремление университета поддерживать и развивать молодых ученых – будущих профессоров.

2.3. Обладатель стипендии пользуется дополнительными привилегиями и ресурсами для стимулирования своего профессионального и научного роста.

2.4. Предполагается, что сотрудничество будет долгосрочным и взаимовыгодным, способствуя как профессиональному и научному росту стипендиата, так и развитию научного потенциала университета.

### **3. Условия предоставления стипендии**

3.1. Кандидаты на получение стипендии отбираются на конкурсной основе с учетом их академических достижений, исследовательского потенциала и предложенного плана исследований.

3.2. Стипендия предоставляется на срок от одного до трех лет с возможностью продления на основе ежегодной оценки деятельности стипендиата.

3.3. Конкурс состоит из следующих этапов:

- Подача заявок: Кандидаты представляют необходимые документы, включая академическое резюме, рекомендательные письма и план исследовательской работы.
- Оценка заявок: Экспертная комиссия оценивает заявки на основе установленных критериев, таких как академические достижения, научный потенциал и качество предложенного плана.
- Собеседование и презентация проектов: Кандидаты прошедшие в шорт-лист приглашаются для представления своих планов и ответов на вопросы комиссии.

3.4. Победители конкурса обязаны предоставлять полугодовые отчеты о своей деятельности, включая описание достигнутых результатов в рамках плана исследовательской работы.

3.5. В случае отсутствия прогресса или несоответствия деятельности установленным требованиям университет оставляет за собой право пересмотра или прекращения стипендии.

#### **4. Привилегии и льготы**

4.1. Стипендиатам могут предоставляться дополнительные гранты для участия в конференциях, летних школах и иных научных мероприятиях как в стране, так и за рубежом.

4.2. Стипендиаты приглашаются к участию в высших научных комитетах университета и школ, что позволяет им участвовать в планировании и реализации исследовательских проектов университета.

4.3. Стипендиаты получают приоритетный доступ к университетским лабораториям, библиотекам и другим ресурсам.

4.4. Стипендиаты получают доступ к эксклюзивным мероприятиям с участием международных гостей и выдающихся ученых.

4.5. Стипендиаты имеют приоритетное право на рассмотрение заявок на дополнительные гранты (тревел-гранты и публикационные гранты) и оборудование для реализации научных проектов, а также на участие в программах обмена с зарубежными научными учреждениями.

#### **5. Обязанности стипендиатов**

5.1. Стипендиаты обязаны активно заниматься научной и исследовательской деятельностью, публиковать результаты своих исследований в ведущих научных журналах согласно утвержденному плану исследовательской работы.

5.2. Стипендиаты должны принимать активное участие в академической жизни университета, включая преподавание и участие в научных семинарах, конференциях и других мероприятиях.

5.3. Стипендиаты-студенты обязаны поступить в магистратуру, также стипендиаты-магистранты обязаны поступить в докторантуру после завершения бакалавриата и магистратуры соответственно, а также отработать три года в университете после завершения докторантуры или получения степени.

5.4. Стипендиаты обязаны соблюдать высокие академические и этические стандарты, проявлять честность, ответственность и уважение к коллегам и студентам.

## **6. Порядок оценки, продления и прекращения стипендии**

6.1. Ежегодно проводится оценка научных достижений, академических успехов и вклада стипендиата в научное сообщество.

6.2. Продление стипендии возможно при выполнении установленных критериев и плана исследовательской работы.

6.3. Стипендия может быть прекращена в случае неудовлетворительных результатов научной деятельности, несоблюдения плана или нарушения академических и этических норм.

## **MNU Research Fellow стипендиясы туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. MNU Research Fellow стипендиясы (бұдан әрі – стипендия) **соңғы курс студенттері**, магистранттар, докторанттар, жас оқытушылар мен профессорлар қатарындағы дарынды зерттеушілерді қаржылай қолдау мен дамытуға арналған стипендиялық бағдарлама.

1.2. Стипендияның мақсаты – дарынды және болашағы зор ғылыми кадрларды университетке тарту, қолдау және дамыту, сондай-ақ олардың ғылыми қауымдастыққа ұзақ мерзімді үлес қосуына жағдай жасау.

1.3. Стипендия стипендиаттардың академиялық және кәсіби өсуін ынталандыруға, олардың ғылыми мәртебесін және мансаптық дамуын қолдауға бағытталады және басқа да қосымша еңбек ақы түрлерін алуды шектемейді.

1.4. Стипендия конкурстан сәтті өткен әрбір кандидатқа MNU басқарма төрағасының шешімімен жеке тағайындалады.

1.5. Стипендия мөлшері стипендиаттың жетістіктері мен қажеттіліктеріне байланысты анықталады, бірақ белгіленген ең төменгі мөлшерден (PhD докторантының мемлекеттік стипендиясы мөлшерінен) төмен болмауы тиіс. Ол стипендиаттардың академиялық және тұрмыстық шығындарын ішінара жабуға қаржылай қолдау ретінде қарастырылған.

### **2. Мәртебе**

2.1. MNU Research Fellow стипендиаты университет тарапынан болашағы зор ғылыми зерттеуші ретінде қабылданады және оған ерекше назар аударылады.

2.2. Стипендия стипендиаттың ғылыми әлеуетін дамытуға инвестиция ретінде беріледі, оның академиялық қауымдастықтағы мәртебесін растайды және университеттің жас ғалымдарды – болашақ профессорларды қолдау және дамытуға ұмтылысының айғағы.

2.3. Стипендия иегері өзінің кәсіби және ғылыми әлеуетін арттыру үшін университет тарапынан ұсынылатын қосымша артықшылықтар мен ресурстарға ие болады.

2.4. Стипендия стипендиаттың кәсіби және ғылыми жағынан кемелденуіне, сондай-ақ университеттің ғылыми әлеуетін дамытуға ықпал ететін, ұзақ мерзімді және өзара тиімді ынтымақтастық болады деп күтілуде.

### **3. Стипендия беру шарттары**

3.1. Стипендия үміткерлері олардың академиялық жетістіктерін, зерттеу әлеуетін және ұсынылған зерттеу жоспарын ескере отырып, конкурс негізінде іріктеледі.

3.2. Стипендия бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге беріледі және жыл сайынғы қызмет нәтижелерін бағалау негізінде ұзартылуы мүмкін.

3.3. Конкурс келесі кезеңдерден тұрады:

- Өтінім беру: үміткерлер академиялық түйіндеме, мотивациялық хат және зерттеу жоспарынан тұратын қажетті құжаттар топтамасын тапсырады.

- Өтінімдерді бағалау: Сараптама комиссиясы өтінімдерді академиялық жетістіктер, ғылыми әлеует және ұсынылған жоспардың сапасы сияқты белгіленген критерийлер негізінде бағалайды.

- Сұхбат және жобаларды таныстыру: Шорт-листке өткен үміткерлер өз зерттеу жоспарларын таныстыруға және комиссияның сұрақтарына жауап беруге шақырылады.

3.4. Конкурс жеңімпаздары жарты жылдық зерттеу қызметінің нәтижелері туралы есептерді, оның ішінде зерттеу жоспары аясында қол жеткізілген нәтижелердің сипаттамасын ұсынуға міндетті.

3.5. Прогрестің болмауы немесе зерттеу қызметінің белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі сияқты жағдай болса, университет стипендия шарттарын қайта қарау немесе тоқтату құқығына ие.

#### 4. Артықшылықтар мен жеңілдіктер

4.1. Стипендиаттарға ел ішіндегі және шетелдегі конференцияларға, жазғы мектептерге және басқа да ғылыми іс-шараларға қатысу үшін қосымша гранттар берілуі мүмкін.

4.2. Стипендиаттар университеттің және мектептердің жоғары ғылыми комитеттеріне қатысуға шақырылады, бұл оларға университеттің зерттеу жобаларын жоспарлау және іске асыру процесіне қатысуға мүмкіндік береді.

4.3. Стипендиаттар университеттің зертханаларына, кітапханаларына және басқа ресурстарына басым қолжетімділікке ие болады.

4.4. Стипендиаттар халықаралық қонақтар мен көрнекті ғалымдардың қатысуымен өтетін эксклюзивті іс-шараларға қатыса алады.

4.5. Стипендиаттар ғылыми жобаларды жүзеге асыруға арналған қосымша гранттарға (сапар гранттары мен баспа гранттары) және жабдықтарға өтінімдерді қарау құқығына, сондай-ақ шетелдік ғылыми мекемелермен алмасу бағдарламаларына қатысуда басымдылыққа ие.

#### 5. Стипендиаттардың міндеттері

5.1. Стипендиаттар белсенді түрде ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға, ғылыми жұмыс жоспарында белгіленгендей өз зерттеулерінің нәтижелерін жетекші ғылыми журналдарда жариялауға міндетті.

5.2. Стипендиаттар университеттің академиялық өміріне белсенді қатысуға, оқытушылық және ғылыми семинарлар, конференциялар және басқа іс-шараларға қатысуға міндетті.

5.3. **Студент-стипендиаттар бакалавриатты аяқтаған соң магистратураға, ал** магистрант-стипендиаттар магистратураны аяқтағаннан кейін докторантураға түсуге және сәтті қорғаудан немесе ғылыми дәреже алғаннан кейін университетте үш жыл жұмыс істеуге міндетті.

5.4. Стипендиаттар жоғары академиялық және этикалық стандарттарды сақтауға, адалдық, жауапкершілік және әріптестер мен студенттерге құрмет көрсетуге міндетті.

6. Бағалау, ұзарту және стипендияны тоқтату тәртібі

6.1. Жыл сайын стипендиаттардың ғылыми жетістіктері, академиялық жетістіктері және ғылыми қауымдастыққа қосқан үлестері арнайы комиссия тарапынан бағаланады.

6.2. Стипендияның жалғасуы туралы шешім белгіленген критерийлер мен зерттеу жоспарының орындалу деңгейіне қарап қабылданады.

6.3. Ғылыми қызмет нәтижелері қанағаттанарлықсыз болған жағдайда, жоспар орындалмаған немесе академиялық және этикалық нормалар бұзылған жағдайда стипендия тоқтатылуы мүмкін.